

«ВИКТОРИНА» ЖАРНАМАЛЫҚ АКЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ **(әрі қарай – «Ережелер»)**

Алматы

15-сәуір 2024 жыл

1. Акцияны ұйымдастырушылар және оны өткізу орны:

- 1.1. «Викторина» жарнамалық акциясы (әрі қарай – «Акция») Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі.
- 1.2. Өткізілу мерзімі – 2024 жылғы 15-сәуір мен 2024 жылғы 17-мамыр аралығы.
- 1.3. Акцияны ұйымдастырушы «Нархоз университеті» КЕАҚ болып саналады, заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050035 Алматы қ-сы, Жандосов к-сі, 55 (әрі қарай – «Ұйымдастырушы»)

2. Қатысу құқығына ие тұлғалар:

2.1. Акцияға жеке тұлғалар, атап айтқанда Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, 16, 17, 18 бен 19 жасқа толған немесе мектептердің 10-11 сыныптары, колледждердің 2-3 курстары мен басқа да орта білім беру ұйымдарында оқитын Қазақстан Республикасы мен басқа да мемлекеттердің азаматтары қатыса алады. Кәмелетке толмағандар және әрекетке қабілеттілігі шектеулі, әрі әрекетке қабілетсіз тұлғалардың науқанға қатысуы олардың заңды өкілдерінің келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

2.2. Акцияға қатысуға келесілерге жол берілмейді:

- 2.2.1. Осы Ережелердің 2.1-тармағында баяндалған талаптарға сәйкес келмейтін тұлғалар.
- 2.2.2. Акцияны Ұйымдастырушының қызметкерлері мен өкілдері, онымен үлестес тұлғалар және олардың отбасы мүшелері, Акцияны Ұйымдастырушымен акцияны дайындау, ұйымдастыру және өткізу пәні бойынша шарттық қатынастарда тұрған үшінші бір тұлғалардың қызметкерлері мен өкілдері, «Нархоз университеті» КЕАҚ-ның әрекет үстіндегі студенттері.

3. Қатысу үшін қажетті шарттар:

- 3.1. 2024 жылғы 15-сәуір мен 2024 жылғы 17-мамыр аралығындағы кезеңде Ұйымдастырушының ресми сайтының арнайы бөлімінде (әрі қарай – «Промосайт») өтетін келесі акцияға қатысуы қажет: narхоз-viktorina.kz
- 3.2. Промосайтта тіркеуді Акцияға Қатысушы дербес жүргізеді. Нақты аты-жөнін, телефон нөмірін және e-mail көрсету, сонымен қатар тіркеу кезінде арнайы белгілер қою арқылы дербес деректерді жинауға және өңдеуге берілген келісімді және заңды өкілдердің келісімін растауы керек.
- 3.3. Бір Қатысушы тек бір-ақ рет тіркеле алады.
- 3.4. Ойын форматындағы Акция фортунаның анимирленген дөңгелегі арқылы кездейсоқ түсу арқылы үш қиындық дәрежесіне ие 30 сұрақ және Қатысушы дұрыс жауабы үшін алатын ұпайлар саны бойынша өтеді: жасыл – жеңіл сұрақ, дұрыс жауабы үшін – 10 балл, сары – орташа күрделілік дәрежесіне ие сұрақ, дұрыс жауабы үшін – 20 балл, қызыл – күрделі сұрақ, дұрыс жауабы үшін – 30 балл. Қатысушы 300-ден 600-ге дейін ұпай жинай алады. 500-ден астам ұпай жинаған Қатысушылар жүлделер ұтысына қатысады. Әр Қатысушыға кездейсоқ сандар генераторы арқылы жүлделерді ұтысқа салу үшін базаға енгізілетін нөмір беріледі.

4. Акцияның жүлделік қоры:

- 4.1. Ұтыс ойынына арналған сыйлықтар:
 1. NARXOZ логотипіне ие футболка – 3 дана;
 2. Grom спорттық алюминий бөтелкесі (Қызыл) – 3 дана;
 3. SNAKE капюшоны бар футболка (Қара) – 2 дана;
 3. Бас киімдер (Кепкалар) – 2 дана.
- 4.2. Акцияның жалпы жүлде қоры 10 жүлдені құрайды.
- 4.3. Ұйымдастырушы жүлделердің Акцияға Қатысушылардың жеке күтулеріне сәйкес келмегені, сол сияқты жүлделердің сыртқы түрі, сипаттамалары және өзге де ерекшеліктері олардың Акцияның жарнамалық материалдарындағы және басқа да көздердегі бейнелерінен өзгеше болғаны үшін жауапкершілік алмайды.
- 4.4. Жүлделерді ешбір жағдайда да олардың құнының ақшалай баламасымен алмастыруға болмайды.

5. Ұтыс ойындарының мерзімі:

5.1. Жүлделердің ұтыс ойыны 2024 жылғы 20-мамырда Астана қ. уақыты бойынша сағат 12.00-де онлайн-кездейсоқ сандар генераторы арқылы өткізіледі.

5.2. Ұтыс ойынының нәтижелері Ұйымдастырушы сайтының (narxoz-viktorina.kz) «Жеңімпаздар» тарауында орналастырылады.

6. Жүлделерді беру келесідей жүргізіледі:

6.1. Жүлделерді беру Қатысушының қалауы бойынша 2024 жылғы 21-мамырдан бастап 2024 жылғы 31-мамырға дейін (қоса алғанда) өзінің алып кетуі немесе 2024 жылғы 21-мамырдан бастап 2024 жылғы 7-маусымға дейін (қоса алғанда) Қазақстан қалаларына атаулы жеткізу арқылы жүзеге асырылады;

6.2. Көрсетілген мерзімнен кейін жүлделерді беру жүргізілмейді;

6.4. Талап етілмеген сыйлықтар беру мерзімі өткеннен кейін Акцияны Ұйымдастырушының меншігіне өтеді және ол өз қалауы бойынша пайдаланады;

6.5. Жүлделерді беруге кедергі келтіретін жағдайлар (форс-мажор, Ұйымдастырушыларға тәуелді емес шектеулер) туындаған кезде жүлделерді беру мерзімі ұзартылуы мүмкін;

Өзгерістер туралы ақпарат Ұйымдастырушының келесі сайтында орналастырылады: narxoz-viktorina.kz;

6.6. Жүлделерді алу үшін жеке басын куәландыратын құжатты көрсету қажет. Жеке куәлікті көрсетпеу қатысушыны жүлде алу құқығынан айырады;

6.7. Жүлделер қайтаруға және айырбастауға жатпайды;

6.8. Осы Ережелер тармақтарының кез келгеніне сәйкессіздік пен бұзушылық Ұйымдастырушыға Жеңімпазбен жасалған шарттың күшін жоюға құқық береді;

6.9. Ұйымдастырушының жүлде қорының сапасына қатысты міндеттемелері оларды өндірушілер (жеткізушілер) берген кепілдіктермен шектеледі. Сапаға қатысты шағымдар осы қызметтерді өндірушілерге (жеткізушілерге) тікелей жасалуы керек.

7. Тараптардың құқықтары мен міндеттері:

7.1. Назар аударыңыз! Акцияға қатысу Қатысушының осы Ережелермен танысуын және толық келісуін білдіреді және Қазақстан Республикасының «Оферта» Азаматтық кодексінің 395-бабы бойынша реттеледі.

7.2. Акцияға қатысушылардың құқықтары:

7.2.1. narxoz-viktorina.kz сайтында орналастырылған Акцияны өткізу шарттарымен дербес танысу;

7.2.2. Акцияға осы Ережеде белгіленген тәртіп бойынша қатысу;

7.2.3. Акцияны өткізу шарттарына сәйкес сыйлық беруді талап ету.

7.3. Акцияға қатысушылардың міндеттері:

7.3.1. narxoz-viktorina.kz сайтында баяндалған Акцияны өткізу шарттарын сақтау, оның ішінде Акцияға қатысуға және жүлделерді алуға байланысты барлық іс-әрекеттерді Акция өткізу шарттарында белгіленген мерзімдерде орындау;

7.3.3. Қатысушылар осы Ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамасында баяндалған Акцияны өткізу шарттарында қарастырылған өзге де құқықтар мен міндеттерді атқару;

7.3.4. Жеңімпаз болған жағдайда Қатысушы Акция жеңімпаздарына қатысты фото- және бейнетүсірілімге қатысуға және Жеңімпаздардың қатысуымен фото- және бейнематериалдарды бұқаралық ақпарат құралдарында, сонымен қатар Интернет желісіндегі ақпараттық ресурстарда (оның ішінде narxoz-viktorina.kz) сайтында) жариялауға өзінің келісімін беру.

7.4. Ұйымдастырушының міндеттері:

7.4.1. Акцияны осы Ережелерге сәйкес өткізу;

7.4.2. Осы Ережелерде баяндалған Акцияны өткізу шарттарына сәйкес Жеңімпаз деп танылған Қатысушыларға тиісті жүлделер беру;

7.4.3. Акцияны өткізу тоқтатылған жағдайда осы Ережелерде белгіленген тәртіп бойынша (narxoz-viktorina.kz) сайтында бұл туралы тиісті ақпаратты орналастыру.

7.5. Ұйымдастырушының құқықтары:

- 7.5.1. (narxoz-viktorina.kz) сайтының «Акция» тарауында тиісті хабарлама орналастыру арқылы Қатысушыларды хабардар ете отырып, осы Ережелерді біржақты тәртіп бойынша өзгерту;
- 7.5.2. Осы Ережелерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу, бұл туралы Қатысушыларға Ережелерде қарастырылған тәртіп бойынша хабарланатын болады, оның ішінде осы Ережелердің 4-тармағында көрсетілген жүлделердің жиынтығын өз қалауы бойынша өзге де баламалы тауарларға өзгерту. Бұл ретте Акцияға Қатысушылар Акцияның Ұйымдастырушысынан осындай ауыстыру кезінде қандай да бір қосымша өтемақы талап ету құқығына ие емес;
- 7.5.3. Акцияны өткізу шарттарын сақтамау фактісі анықталған жағдайда Қатысушыға жүлде беруден бас тарту;
- 7.5.4. Осы Ережелерде баяндалған Акцияны өткізу шарттарында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Қатысушылармен жазбаша келіссөздерге немесе кез келген басқа да байланыстарға түспеу;
- 7.5.5. Қатысушылардан осы Ережелерде қарастырылған қажетті ақпарат пен құжаттарды талап ету;
- 7.5.6. Акцияны Ұйымдастырушы осы Ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Акцияны өткізуге байланысты мақсаттар жолында Акцияға Қатысушы туралы ақпаратты үшінші бір тұлғаларға беру құқығына ие.
- 7.5.7. Егер Қатысушы өзі туралы дұрыс ақпарат бермесе немесе Акцияны өткізудің осы Ережелерін қандай да бір басқа жолмен бұзса, онда Ұйымдастырушы Қатысушыға жүлдені беруден бас тарту құқығына ие.

Қосымша сұрақтар бойынша келесі мекен-жайға хабарласуыңызды өтінеміз: marketing@narxoz.kz.